

Байғанин аудандық мәслихатының мемлекеттік тіркелген нормативтік құқықтық актілері

Байғанин аудандық мәслихатының 2018 жылғы 24 желтоқсандағы № 194 «Байғанин ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға 2019 жылға әлеуметтік қолдау көрсету туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Ақтөбе облысы Байғанин аудандық мәслихатының 2019 жылғы 22 шілдедегі № 246 шешімі
Ақтөбе облысы Әділет департаментінде 2019 жылғы 25 шілде № 6299 санымен тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заңының 18 бабының 8 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін айқындау туралы» қаулысына сәйкес, Байғанин аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Байғанин аудандық мәслихатының 2018 жылғы 24 желтоқсандағы № 194 «Байғанин ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға 2019 жылға әлеуметтік қолдау көрсету туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3-4-196 тіркелген, 2019 жылғы 10 қаңтарда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкіде жарияланған) шешіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген шешімнің 1 тармағының 1) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:

«1) жүз еселік айлық есептік көрсеткішке тең сомада көтерме жәрдемақы;».

2. «Байғанин аудандық мәслихатының аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін;

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Байғанин аудандық
мәслихатының сессия
төрағасы**

**Байғанин аудандық
мәслихатының
хатшысы**

А. Жумабаев

Б. Турлыбаев

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
Ақтөбе облысының/қаласының Әділет департаменті
Нормативтік құқықтық акті 25.07.2019 жылы
Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік
тіркеудің тізіліміне № 6299 болып енгізілді

Результаты согласования

ГУ «Аппарат Байганинского районного маслихата» - председатель сессии Асыламбек Нурлыбекович Жумабаев,
22.07.2019 15:53:29, положительный результат проверки ЭЦП

ГУ «Аппарат Байганинского районного маслихата» - Секретарь маслихата Бактыгерей Аблакимович Турлыбаев,
22.07.2019 15:57:23, положительный результат проверки ЭЦП

ГУ «Аппарат Байганинского районного маслихата» - председатель сессии Асыламбек Нурлыбекович Жумабаев,
22.07.2019 16:00:19, положительный результат проверки ЭЦП

Департамент юстиции Актюбинской области - Руководитель департамента Бекбулат Жуматаевич Колумбаев,
23.07.2019 19:16:07, положительный результат проверки ЭЦП